

Қаруды берудің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1000 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті 1-қосымшаға сәйкес қаруды заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне (келісім бойынша) берсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) 2-қосымшаға сәйкес қаруды заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетіне берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 29 қыркүйектегі

N 1000 қаулысына 1-қосымша

Берілетін қару тізбесі: Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі

Р/с N	Қару атауы	Саны
1	5,6 мм Марголин пистолеті	10 жиынтық
2	7,62 мм ЖЖКА (жаңғыртылған жиналатын дүмі бар Калашников автоматы)	30 жиынтық
3	7,62 мм ЖКП (жаңғыртылған Калашников пулеметі)	6 жиынтық
4	9 мм МП (Макаров пистолеті)	50 жиынтық
5	26 мм ШБП (Шпагиннің белгі беру пистолеті)	4 жиынтық

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің

Ішкі әскерлер комитеті

Р/с N	Қару атауы	Саны
1	7,62 мм ЖЖКА (жаңғыртылған жиналатын дүмі бар Калашников автоматы)	30 жиынтық

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 29 қыркүйектегі
 N 1000 қаулысына 2-қосымша

Берілетін қару тізбесі: Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі

Р/с N	Қару атауы	Саны
1	23 мм ЗҚ - 23 - 2(зениттік қондырғы)	1 жиынтық
2	12,7 мм ДШКМ станокты пулемет	3 жиынтық